ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Қызметтің атауы: Автокөлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу қызметтері

1. Қызметтің жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің автокөлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізу қызметтерін көрсету.

Автокөлік құралдарының саны, маркалары, модельдері, санаттары және техникалық сипаттамалары қоса берілген көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерге (техникалық паспорттарға) сәйкес айқындалады.

2. Қызметтің құрамы мен мазмұны

Орындаушы әрбір автокөлік құралына толық диагностикалық тексеру жүргізуге міндетті. Тексеру жұмыстары мыналарды қамтуы тиіс:

жұмыс және тұрақ тежегіш жүйелерінің тиімділігін тексеру;

рульдік басқару жүйесін, жүріс бөлігін және аспа жүйесін тексеру;

сыртқы жарық беру құралдарының, электр жабдықтарының және дыбыс сигналының жұмысын тексеру;

дөңгелектердің, шиналардың және бекіту элементтерінің жай-күйін тексеру;

қозғалтқыштың техникалық жағдайын және пайдаланылған газдардың экологиялық көрсеткіштерін тексеру;

шанақтың, раманың, әйнектердің, артқы көрініс айналарының және әйнек тазалағыштардың жағдайын тексеру;

қауіпсіздік белдіктері мен конструкцияда көзделген өзге де қауіпсіздік құралдарын тексеру;

көлік құралының сәйкестендіру деректерінің тіркеу құжаттарына сәйкестігін тексеру.

3. Орындаушыға қойылатын талаптар

Орындаушының техникалық байқау операторы қызметін жүзеге асыруға қолданыстағы рұқсаты болуы және қажетті диагностикалық жабдықтармен, сынақ стендтерімен және білікті мамандармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Пайдаланылатын жабдықтар жарамды, белгіленген талаптарға сәйкес және қажетті метрологиялық құжаттары болуы тиіс.

Техникалық байқау арнайы диагностикалық жабдықтарды пайдалана отырып, нақты тексеру жүргізу арқылы және белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4. Қызмет көрсету нәтижелеріне қойылатын талаптар

Техникалық байқау нәтижелері бойынша Орындаушы:

диагностикалық тексеру нәтижелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізуге;

әрбір автокөлік құралына белгіленген үлгідегі диагностикалық карта ресімдеуге;

ақаулар анықталған жағдайда анықталған кемшіліктер туралы мәліметтер беруге;

техникалық байқаудан өту нәтижелерін белгіленген тәртіппен құжат жүзінде растауға міндетті.

Техникалық байқаудан оң нәтиже тек автокөлік құралы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келген жағдайда ғана беріледі.

5. Қызмет көрсету және қабылдау тәртібі

Қызметтер Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, тараптар келіскен мерзімде, қоса берілген техникалық паспорттарға сәйкес көрсетіледі.

Көрсетілген қызметтерді қабылдау нақты жүргізілген техникалық байқау, ресімделген диагностикалық карталар және тексеру нәтижелерінің тиісті ақпараттық жүйеге енгізілгенін растайтын мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

Құжаттарды ресімдеу кезінде қателіктер немесе сәйкессіздіктер анықталған жағдайда Орындаушы оларды өз есебінен түзетуге міндетті.

6. Нормативтік талаптар

Қызметтер Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі туралы» Заңына, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін реттейтін қолданыстағы қағидаларға және осы саладағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көрсетілуі тиіс.

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

Наименование услуги: Услуги по проведению обязательного технического осмотра автотранспортных средств

1. Общая характеристика услуги

Оказание услуг по проведению обязательного технического осмотра автотранспортных средств Заказчика в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан.

Количество, марки, модели, категории и технические характеристики транспортных средств определяются согласно приложенным копиям технических паспортов (свидетельств о регистрации транспортных средств).

2. Состав и содержание услуги

Исполнитель обязан провести полный комплекс диагностических мероприятий, включающий:

проверку эффективности рабочей и стояночной тормозных систем;

проверку рулевого управления, ходовой части и подвески;

проверку внешних световых приборов, электрооборудования и звукового сигнала;

проверку состояния колес, шин и элементов крепления;

проверку двигателя и экологических показателей, включая дымность выхлопных газов и содержание вредных веществ;

проверку кузова, рамы, стекол, зеркал, стеклоочистителей и иных элементов конструкции;

проверку ремней безопасности и других предусмотренных конструкцией средств безопасности;

проверку идентификационных данных транспортного средства и соответствия регистрационным документам.

3. Требования к Исполнителю

Исполнитель должен иметь действующее разрешение на осуществление деятельности оператора технического осмотра и располагать необходимым диагностическим оборудованием, испытательными стендами и квалифицированными специалистами.

Используемое оборудование должно быть исправным, соответствовать установленным требованиям и иметь необходимые документы о метрологической пригодности.

Технический осмотр должен проводиться фактически, с применением специализированного оборудования и соблюдением установленных диагностических процедур.

4. Требования к результатам оказания услуги

По результатам проведения технического осмотра Исполнитель обязан:

внести результаты диагностики в единую информационную систему обязательного технического осмотра;

оформить диагностическую карту установленного образца на каждое транспортное средство;

при выявлении неисправностей предоставить сведения о выявленных дефектах и несоответствиях;

обеспечить документальное подтверждение прохождения технического осмотра в установленном порядке.

Выдача положительного результата допускается исключительно при соответствии транспортного средства установленным требованиям безопасности.

5. Порядок оказания и приемки услуг

Услуги оказываются по заявке Заказчика, в согласованные сторонами сроки, с учетом количества транспортных средств согласно приложенным техническим паспортам.

Приемка услуг осуществляется на основании фактически проведенного технического осмотра, оформленных диагностических карт и подтверждения внесения результатов в соответствующую информационную систему.

В случае выявления несоответствий или ошибок в оформленных документах Исполнитель обязан устранить их за свой счет.

6. Нормативные требования

Услуги должны оказываться в соответствии с Законом Республики Казахстан «О дорожном движении», действующими Правилами организации и проведения обязательного технического осмотра

механических транспортных средств и прицепов к ним, а также иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, регулирующими данную сферу.